# МӘДЕНИ МҰРА
**ғылыми журнал**

# КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
**научный журнал**

# CULTURAL HERITAGE
**science journal**

ISSN: 2708-3365 (print)
ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (109)

Астана
2025

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:


| | |
|---|---|
| **ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік** | – Саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан) |
| **ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы** | – алқа төрағасының орынбасары,Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан) |
| **ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы** | – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан) |
| **САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы** | – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан) |
| **АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы** | – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан) |
| **ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы** | – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан) |
| **МЕРЦ Виктор Карлович** | – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан) |
| **ЖАБАҒИН Мақсат** | – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан) |
| **СЫДЫҚОВ Айбек Жексеналыұлы** | – PhD докторы (Қазақстан) |
| **БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы** | – PhD докторы (Қазақстан) |
| **САБИТОВ Жаксылык** | – PhD докторы (Қазақстан) |
| **ДЮПЮЙ Пауло** | – PhD докторы (Қазақстан) |
| **ҚАРА Әбдуақап** | – доктор, профессор (Түркия) |
| **ШАМИЛЬОГЛУ Юлай** | – PhD, профессор (АҚШ) |
| **АЙТПАЕВА Гулнара Амановна** | – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан) |
| **РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна** | – PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания) |

## EDITORIAL BOARD:

| | |
|---|---|
| **Berik Abdygaliuly** | – Candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan) |
| **Akmaral Ibrayeva** | – Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan) |
| **Zhaken Taimagambetov** | – Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan) |
| **Zainolla Samashev** | – Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan) |
| **Zhanat Aimukhambet** | – Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan) |
| **Ulan Umitkaliev** | – Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan) |
| **Victor Merts** | – Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan) |
| **Maxat Zhabagin** | – Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan) |
| **Aibek Sydykov** | – Doctor PhD (Kazakhstan) |
| **Ulan Bigozhin** | – PhD (Kazakhstan) |
| **Zhaxylyk Sabitov** | – PhD (Kazakhstan) |
| **Paula Dupuy** | – PhD (Kazakhstan) |
| **Kara Abdulvahap** | – Doctor, professor (Turkey) |
| **Uli Shamiloglu** | – PhD, professor (USA) |
| **Gulnara Aitpaeva** | – Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan) |
| **Radivojevic Miljana** | – PhD, Associate professor (UK) |

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

| | |
|---|---|
| **ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік** | – Кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан) |
| **ИБРАЕВА Акмарал Госмановна** | – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович** | – Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **САМАШЕВ Зайнолла Самашевич** | – доктор исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **АЙМУХАМБЕТ Жанат Аскербековна** | – доктор филологических наук, профессор (Казахстан) |
| **УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич** | – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **МЕРЦ Виктор Карлович** | – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **ЖАБАГИН Максат** | – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **СЫДЫКОВ Айбек Жексеналыевич** | – PhD доктор (Казахстан) |
| **БИГОЖИН Улан Зейноллаулы** | – PhD доктор (Казахстан) |
| **САБИТОВ Жаксылык** | – PhD доктор (Казахстан) |
| **ДЮПЮЙ Пауло** | – PhD доктор (Казахстан) |
| **КАРА Абдуакап** | – Доктор, профессор (Турция) |
| **ШАМИЛЬОГЛУ Юлай** | – PhD, профессор (США) |
| **АЙТПАЕВА Гулнара Амановна** | – доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан) |
| **Радивожевич Мильяна** | – PhD, ассоциированный профессор (Великобритания) |

## МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

### Археология / Archaeology / Археология

***Молдахмет А.*** 2001-2008 жылдары Қаратауда жүргізген археологиялық зеттеулер (Тұран археологиялық экспедициясы материалдары негізінде)
***Молдахмет А.*** Археологические исследования в Каратау в 2001–2008 годах (по материалам Туранской археологической экспедиции)
***Moldakhmet A.*** Archaeological research the Karatau mountains in 2001–2008 (based materials of the Turan archaeological expedition)........ 6

***Shametov S., Eraliyeva S., Nurakhmetova K., Orazov T.*** Archeological monuments of Turkestan region in the Turkestan archaeological expedition research
***Шаметов С.Т., Ералиева С.А., Нұрахметова Қ.А., Оразов Т.Б.*** Түркістан археологиялық экспедициясы зерттеулеріндегі Түркістан өңірінің археологиялық ескерткіштері
***Шаметов С.Т., Ералиева С.А., Нурахметова К.А., Оразов Т.Б.*** Археологические памятники Туркестанского края в исследованиях Туркестанской археологической экспедиции........ 26

***Кузнецова Т.*** О роли зеркал в погребальном обряде скифо-сармтаской эпохи
***Кузнецова Т.*** Скиф-сармат дәуіріндегі жерлеу рәсіміндегі айнаның рөлі
***Kuznetsova T.*** On the role of mirrors in the funeral rites of the Scythian-Sarmatian era........ 37

***Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т.*** Орталық Азия елдеріндегі қыш өндірісінің этнографиясы
***Абилева Н.М., Аккошкарова Ж.Т.*** Этнография гончарства стран Средней Азии
***Abileva N.M., Akkoshkarova Zh.T.*** Ethnography of pottery of Central Asian countries........ 68

***Мұстажап А.Ш.*** Ортағасырлық Сарайшықтың қыш өндірісі: археологиялық және мәдениеттанулық талдау
***Мустажап А.Ш.*** Гончарное производство средневекового Сарайшыка: археологический и культурологический анализ
***Mustazhap A.Sh.*** Pottery Production in Medieval Saraishyk: an archaeological and cultural analysis........ 84

***Каримова К.Г.*** З. Самашевтің ортағасырлық қала мәдениетіне қатысты зерттеулері (Сарайшық қаласы негізінде)
***Каримова К.Г.*** Исследования З. Самашева, Посвящённые культуре средневековых городов (на примере города Сарайшык)
***Karimova K.G.*** Z. Samashev's research on medieval urban culture (based on the example of the city of Saraishyq)........ 97

***Рысбергенов М.*** Функционально-семантические интерпретации курганов с каменными грядами: историографический обзор
***Рысбергенов М.*** Тас қатарлары бар қорғандардың функционалды-семантикалық түсініктемелері: тарихнамалық шолу
***Rysbergenov M.*** Functional and semantic interpretations of kurgans with stone alignments: a historiographical review........ 109

### Этнология / Ethnology /Этнология

***Мәулет. А.*** Шыңжаң қазақтары аспаптық музыкалық мұрасының зерттелуі
***Маулет А.*** Изучение инструментального музыкального наследия казахов Синьцзяна
***Maulet A.*** The Study of the Instrumental Musical Heritage of the Kazakhs of Xinjiang........ 126

***Атдаев С.*** Кара-Шайтан – связующее звено между Мервом и Бухарой
***Атдаев С.Дж.*** Мерв пен Бұхара арасындағы бітімгер - Қара-Шайтан
***Atdaev S.*** Kara-Shaytan – a connecting link between Merv and Bukhara........ 150

**Археология/ Archaeology/ Археология**

ҒТАМР: 03.41.91

https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.01

**Молдахмет А.**
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
Астана, Қазақстан
e-mail: arhadkz@mail.ru

# 2001-2008 ЖЫЛДАРЫ ҚАРАТАУДА ЖҮРГІЗГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕТТЕУЛЕР (ТҰРАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

**Аңдатпа.** Мақалада Тұран археологиялық экспедициясының 2001-2008 жж. Түркістан облысы (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы), Сауран (бұрынғы Түркістан) ауданы аумағында жүргізген археологиялық зерттеулері ұсынылған. Зерттеу мақсаты: Тұран археологиялық экспедициясының Қаратауда жүргізген қазба және барлау жұмыстары нәтижесінде анықталған ортағасырлық ескерктіштердің тарихи-мәдени қалыптасуы мен дамуын зерделеу. Археологиялық зерттеудің әдіс-тәсілдері (іздеу, барлау, қазба) негізінде Қаратаудың күнгей беткейінде орналасқан ортағасырлық Күлтөбе мен Қарашық қалашықтарында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, олардың құрылымдық-жоспарлану ерекшеліктері, мәдени қабаттары және археологиялық кешендері анықталды. Қазба барысында алынған деректер аймақтың тарихи дамуы мен қалалық мәдениетінің қалыптасу үдерістерін нақтылауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар экспедиция мүшелері Біресек, Байылдыр, Жыңғылшық, Үшөзен, Қарақұдық сияқты өзен аңғарлары мен шатқалдарында барлау жұмыстарын жүргізіп, 15 жерден ежелгі тасқа салынған сурет орындарын (петроглифтерді) анықтады. Олардың қатарында Қоржайлау, Таңбалытас, Тектұрмас, Қиынжүрек, Қарадегерес, Төсбұлақ, Шүкірсаз, Қызылшың, Бұрақоныс, Кеңөзен, Қарақұс, Майдантал, Майлықара сынды маңызды нүктелер бар. Бұл петроглифтерде ежелгі қоғам мүшелерінің діни-мифологиялық ұғымдары, аңшылық және мал шаруашылығы көріністері бейнеленген. Әсіресе, бейнелеу стиліндегі әртүрлілік пен композициялық тұтастық ежелгі адамның дүниетанымын ашуда үлкен рөл атқарады. Мақалада археологиялық деректерге сүйене отырып, тасқа салынған суреттердің және ортағасырлық ескеркіштердің тарихи-мәдени маңызы, зерттеу әдістері мен келешектегі ғылыми бағыттары жүйелі түрде талданған.

**Кілт сөздер:** Тұран, Түркістан, Қарашық, ортағасыр, барлау, қазба, қала, бекініс, төбе.

*Дәйексөз үшін: Молдахмет А. 2001-2008 жылдары Қаратауда жүргізген археологиялық зеттеулер (Тұран археологиялық экспедициясы материалдары негізінде)// Мәдени мұра. 2025. №2 (109). 6-25 бб. (қаз.)*

*DOI: https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.01*

**Кіріспе**

Қазақстанның оңтүстік өңірі ежелгі және ортағасырлық дәуірлерде бай мәдениет пен айтарлықтай урбанизацияға ие болған аумақтардың бірі болды. Бұл аймақтың тарихы мен мәдениетін зерттеу археологиялық тұрғыдан өте маңызды, себебі Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары ежелгі қалалық өркениеттердің, сауда жолдарының, сондай-ақ түрлі әлеуметтік құрылымдардың тоғысқан орны ретінде танымал. Осы негізде Қазақстанның ортағасырлық тарихын толыққанды зерттеу арқылы, оңтүстік аймақтардың археологиялық зерттелу тарихын терең түсінуге мүмкіндік береді.

2001–2008 жылдар аралығында жүргізілген Тұран археологиялық экспедициясы осы аймақтағы ортағасырлық қалалар мен мәдениеттің дамуын зерттеуге арналған ауқымды ғылыми жобалардың бірі болды. Тұран экспедициясының басты мақсаты – Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарында орналасқан ортағасырлық қалалар мен олардың қоршаған ортадағы ықпалына қатысты жаңа мәліметтер алу болды. Экспедиция барысында көптеген археологиялық ескерткіштер мен мәдени қабаттар ашылып, ортағасырлық қалалардың өмір сүру құрылымы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы маңызды деректер жинақталды.

Тұран археологиялық экспедициясы жүргізген зерттеулердің нәтижелері ортағасырлық Қазақстанның қалалық жүйесінің құрылымы мен оның әлеуметтік және экономикалық дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Экспедиция барысында ашылған объектілердің арасында ескі қалалардың қала құрылысы, әлеуметтік институттары, сауда және шаруашылық қатынастары, сонымен қатар олардың күнделікті өміріне қатысты деректер маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеулердің нәтижелері арқылы ортағасырлық қалалардың дамуы мен олардың құрылымдық ерекшеліктері туралы жаңа түсініктер пайда болды. Экспедиция барысында зерттеген аймақтардағы ескерткіштер кең таралған екі негізгі бағыт бойынша жинақталды: біріншісі, қала құрылысы мен қорғаныс жүйелеріне қатысты мәліметтерді қамтыса, екіншісі, археологиялық қазбалар мен керамикалық заттар арқылы сауда мен экономиканың дамуын зерттеу болып табылады. Осы зерттеулер нәтижесінде көптеген қызықты деректер жинақталып, ортағасырлық Қазақстанның урбанизация процесі мен оның әлеуметтік-экономикалық құрылымы туралы жаңа түсініктер қалыптасты.

Тұран археологиялық экспедициясы негізінен Шауғар, Сауран, Отырар сияқты қалалық оазистерм мен олардың қоршаған ортадағы орналасу маңызына көңіл бөлді. Бұл қалалар Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қалалық өркениеттің тірек нүктелері болып саналды және олардың археологиялық зерттелуі аймақтың тарихи-мәдени бейнесін толықтыра түсті. Зерттеу нәтижесінде, бұл қалалар мен олардың айналасындағы әлеуметтік-экономикалық байланыстардың қалыптасуы мен дамуындағы маңызды кезеңдер анықталды. Археологиялық қазбаларда кездескен материалдар мен монеталар, қала құрылысындағы ерекшеліктер, сондай-ақ қорғаныс жүйелерінің сипаттамасы сол дәуірдегі қоғамның тұрмыс-тіршілігі туралы жаңа мәліметтер ұсынады.

Экспедиция барысында көп көңіл

бөлінген мәселе – ортағасырлық Қазақстанның урбанизация үдерісін зерттеу болды. Қалалар арасындағы әлеуметтік-экономикалық байланыстар мен олардың шаруашылығының даму дәрежесі, сондай-ақ қала ішіндегі мәдениет пен тұрмыс деңгейі туралы мәліметтер ашылды. Бұл зерттеулердің нәтижелері Қазақстанның ортағасырлық қалаларының қандай функцияларды атқарғанын және оларды басқару жүйесінің қалай болғанын анықтауға болады. Ортағасырлық қалалар тек қана әкімшілік және сауда орталықтары ғана емес, сонымен қатар мәдени, діни және әлеуметтік байланыстардың негізгі алаңы болды.

Тұран археологиялық экспедициясының зерттеу нәтижелері археология мен тарих саласында тың мәліметтер ұсынды. Осы зерттеулер арқылы, ортағасырлық қалалардың қоршаған ортадағы экологиялық және экономикалық жағдайымен қалай өзара әрекеттескені туралы жаңа көзқарастар қалыптасты. Одан басқа, қалалық мәдениеттің, сауда жолдарының және ауыл шаруашылығының дамуына байланысты әртүрлі факторлар да қарастырылды.

Бұл археологиялық зерттеулердің нәтижелері тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азия аймағының тарихын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Қалалардың дамуы, олардың әлеуметтік құрылымдары мен басқару жүйелері, сондай-ақ экономикалық дамуы өзара байланысқан және бір-біріне ықпал еткен факторлар болып табылады. Тұран археологиялық экспедициясының зерттеулері осындай факторларды айқындауға бағытталған және аймақтың ортағасырлық тарихын толық түсінуге мүмкіндік береді.

Келешекте, осы зерттеулердің негізінде Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық қалалар мен мәдениеттер туралы жаңа ғылыми жұмыстар жазылып, тарихи ескерткіштерді сақтап қалу мен олардың маңызын арттыру жөнінде маңызды қадамдар жасалуы тиіс. Сонымен қатар, болашақтағы зерттеулерде осы аймақтағы басқа да археологиялық ескерткіштер мен тарихи деректерді қайта қарастыру және оларды зерттеудің жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу қажеттілігі туындайды.

Тұран экспедициясының зерттеулері Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен мәдениетін тереңірек зерттеудің маңызды кезеңі болып табылады. Алынған мәліметтер мен нәтижелердің ғылыми құндылығы аймақтағы урбанизация мен әлеуметтік құрылымның даму тарихын толықтыра отырып, ортағасырлық Қазақстанның мәдениеті мен экономикалық жағдайын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде біз Тұран археологиялық экспедициясының зерттеу нәтижелерін талдай отырып, аймақтың ортағасырлық қалалық өркениеті туралы қорытынды шығарамыз.

**Материалдар**
**және зерттеу әдістері**

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелеріне негізделген. Атап айтқанда, Шавғар мен оның айналасындағы мәдени қабаттарды зерттеу үшін әртүрлі археологиялық материалдар мен деректер пайдаланылды. Турна археологиялық экспедициясы 2001-2008 жылдар аралығында Кызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында жүргізген қазба жұмыстарының нәтижелері, сондай-ақ осы өңірлердегі тарихи-мәдени ескерткіштердің архео-

логиялық және нумизматикалық деректері зерттеудің негізін құрады.

Зерттеу барысында пайдаланылған материалдар қатарында археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған керамикалық бұйымдар, құнды металдардан жасалған заттар, күміс, мыс, алтын монеталар, түрлі тұрмыстық заттар мен әшекейлер және басқа да мәдени-тарихи құндылықтар ерекше орын алды. Бұл бұйымдар жергілікті тұрғындардың экономикалық, мәдени және әлеуметтік өмірі туралы құнды мәліметтер береді. Қазба жұмыстары барысында алынған деректердің ішінен Шавғар қаласының мәдени қабаттарының құрылымы, оның орналасуы және әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы маңызды ақпараттар алынды.

Зерттеу әдістері арасында археологиялық қазба жұмыстарының стандартты тәсілдері қолданылды. Қазба орындары жоспарлы түрде ашылып, әрбір қабат мұқият зерттеліп, сол уақыттағы тұрғындардың күнделікті өмірі мен дүниетанымы туралы деректер жинақталды. Әрбір табылған зат сараптама үшін зертханаларға жіберіліп, оның жасалу тәсілі мен уақытын анықтау үшін радиокөміртекті талдау әдістері қолданылды. Бұл әдіс зерттелген аймақтың хронологиясын нақтылай отырып, оның тарихи кезеңдерге жататынын айқындауға мүмкіндік берді.

Қазба жұмыстарының барысында алынған нумизматикалық деректер ерекше маңызға ие болды. Монеталардың табылуы қала экономикасының даму деңгейі мен оның сыртқы сауда байланыстары туралы маңызды мәліметтер береді. Нумизматикалық зерттеу әдістері арқылы монеталардың шығу тегі, олардың жасалған уақыты мен материалдары анықталды. Бұл деректер Шавғар қаласының экономикалық өмірі мен оның сыртқы сауда байланыстарын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында географиялық ақпараттық жүйелер (ГИС) қолданылды. Бұл әдіс зерттелген аймақтың картографиялық мәліметтерін өңдеу, оның тарихи кезеңдердегі өзгерістерін түсіну үшін маңызды құрал болды. ГИС технологиясы арқылы қаланың орналасуы мен оның қорғаныс құрылымдарының жоспарлы сипаттамасы қайта қалпына келтірілді.

Зерттеу нәтижелерін талдау кезінде тарихи, археологиялық және нумизматикалық әдістердің үйлесімі ғылыми дәлдікпен нақты қорытындылар жасауға негіз болды. Әрбір табылған артефакт пен дерек, оның тарихи мәні мен әлеуметтік рөлі тұрғысынан терең талданып, сол кезеңдегі мәдениеттің ерекшеліктері мен даму үрдістері толық әрі жан-жақты зерттелді.

**Талдау**

2001 жылғы археологиялық қазба ортағасырлық Күлтөбе қаласының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі ең биік жерде, 1981-1984 және 1997 жылдарда жүргізілген қазбаларды жиектей салынды, ұзындығы 23 м, ені 7-16 м қазбадан XVIII- XIX ғғ. кезінде өмір сүрген 4 бөлме ашылды. Қала өмірінің соңғы кезіндегі бұл бөлмелердегі тіршілік екі еденмен байланысты, жоғарғы еден жер бетінен (қазбаның ең биік нүктесінен) 0,3 м, ал төменгі еден - 0,55м тереңдікте жатыр. Бөлмелерден XVIII- XIX ғғ. кезеңінің ыдыстары табылды (Тұран, 2002: 84 б).

Түркістан қаласынан 8 км солтүстікте Қарашық өзенінің оң жағасында орналасқан ортағасырлық Қарашық 1 қаласының цитаделінде жүргізілген қазба 1-ден XIII-XIV ғасырлар кезінде

өмір сүрген 13 бөлме ашылды, ал шаруашылық аймағында жүргізілген қазба 2-ден XIII-XIV ғасырлар кезінде қолданыста болған ыдыстарды күйдіруге арналған 5 құмдан-пештер ашылды (Елеуов, Қасенов, 2002: 120-122).

2002 жылы Тұран археологиялық экспедициясы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан мен Түлкібас аудандарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Экспедицияның тас ғасыры ескерткіштерін зерттеу тобы Түлкібас ауданында барлау жүргізіп Қызыларық ауылы жанынан тас ғасырының үңгірін ашты және Қараүңгірде көлемі 2х1,5 м шағын қазба (шурф) жүргізіп жаңа тас ғасыры кезінің 57 тас еңбек құралын, 46 сүйек, және 13 ыдыс сынықтарын тапты (Тұран, 2003: 160).

Экспедицияның тасқа салынған суреттерді зерттеу тобы Ақсу-Жабағлы қорығындағы Қасқабұлақта тасқа салынған суреттерге зерттеу жүргізіп, бұл кешенде қола, ерте темір және ортағасырлар кезінде салынған суреттер барын анықтап, олардың салыну әдістеріне, стилистикалық ерекшеліктеріне назар аударды. Сонымен қатар, осы топ Түлкібас ауданындағы Сәлделітас, Қарабастаудағы тасқа салынған суреттерді ашып, Түркістан ауданындағы Қызылшың, Жыңғылшық, Төсбұлақ, Тектұрмастағы тасқа салынған суреттерді зерттеуді одан әрі жалғастырды.

Түлкібас ауданында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде 37 археологиялық ескерткіш ашылып, зерттелді, олардың қатарында: 16 ортағасырлық елді мекен, 2 қарауыл төбе, тасқа салынған 2 суреттер орны, 9 жеке оба, 6 оалар тобы және 2 обалар қорымы бар.

2002 жылы Қарашық 1 қаласындағы қазба жұмыстары онан әрі жалғастырылып, Төрткүлтөбе қаласында қазба басталды. Қарашық 1 қаласының цитаделіндегі қазбаны одан әрі тереңдету кезінде 2001 жылғы қазбадан ашылған 13 бөлменің астынан, XI-XII ғғ. кезінде өмір сүрген 10 бөлме ашылды. Осы кешендегі 10 - бөлменің ортасында киіз үй тігуге арналған, аумағы 9,5 м келетін, жиегі бар қатар кесекпен қаланған алаң орналасқан.

Цитадельдің шығыс бөлігінде қазылған кесектен он құрылыс кезеңінің қалдықтары ашылды. Сонымен қатар, Қарашық 1 қаласының цитаделінде жүргізілген қазба 1 мен қазылған кесіктер барлығы 11 құрылыс кезеңінің құрлыстары анықталды, олардың өмір сүрген уақыты:

1- және 2- кезеңдегі құрлыстар - VI-VIII ғғ.;

3-, 4-, 5-, 6-,7- , 8- кезеңдегі құрлыстар – IX-X ғғ.;

9- және 10 кезеңдегі құрлыстар - XI-XII ғғ.;

11 кезеңдегі құрлыстар - XIII-XIV ғғ. (Елеуов, 2003: 7-12).

Қарашық 1 қаласының шаруашылық аймағындағы қазба 2-ні онан әрі жалғастыру барысында XIII-XIV ғғ. кезіндегі 5 құмдан - пеш және 5 тандыр ашылды. Рабад қамалына салынған кесік оның 2 кезеңде салынғанын анықтады: 1- кезеңде қалыңдығы 0,6-0,7 м пахсаның үстіне ені 5м қамал тұрғызылған, ал 2 – кезеңде 1 - кезеңдегі қамалдың ішкі жағына қосарлана өрілген пахсаның табанындағы ені 2 м, биіктігі 3 м. Кесікті қазу кезінде басын солтүстік-батысқа қаратып, әбзелдерімен IX-X ғғ. кезінде жерленген жылқының сүйегі табылды. Рабадтың ішкі жағында жүргізілген қазба 3-тен XIII-XIV ғғ. кезінде өмір сүрген 4 бөлме және ені 1,2-1,3 м келетін табанына ыдыс сынықтары төселген жол

ашылды.

Ортағасырлық Төрткүлтөбе қаласы Түлкібас ауданындағы Шарапкент ауылының батыс шетінде, Балықты өзенінің сол жағасында орналасқан. 2002 жылы қаланың цитаделінде кесік қазылып, оның дамуында 3 құрлыс кезеңі болғаны анықталды: 1-құрлыс кезеңінде пахса гуәлактан биіктігі 6,5 м платформа және ішінде құдық орналасқан құрлыс салынған; 2 – құрлыс кезеңде (X ғ) платформасының үстіне биіктігі 0,7 м пахса төселіп, оның үстіне ішкі жағы көлбеу (табанындағы қалыңдығы 11 м) қамал салынған, оның 1,5 м биіктегі қалыңдығы 6 м. 3 құрылыс кезеңінен тастан қаланған құрлыстың қалдығы, шұңқырлар мен 3 еден сақталған. Бұл кезеңдегі құрлыстар XII ғ. соңы XIII ғ. басында өмір сүрген. Төрткүлтөбенің сыртында жүргізілген қазба 3- тен XII ғ. соңы XIII ғ. басы кезіндегі моншаның орны ашылды. Моншаның құрлысы күйдірілген кесектен салынған (Елеуов, 2004: 104).

2003 жылы Түлкібас ауданындағы Қарабастау тасқа салынған суреттерін зерттеу одан әрі жалғастырылды және археолгиялық барлау жұмыстары екі бағытта жүргізілді: Арыс өзенінің сол жағасымен батыстан шығысқа қарай және Арыс өзенінің оң жағасымен шығыстан батысқа қарай. Жүргізілген барлау жұмыстары барысында ауданның 14 ауылдық, 2 поселкелік округтерінің алып жатқан жері қамтылып, бұрын есепке алынбаған 71 археологиялық ескерткіш ашылды. Ашылған ескерткіштердің қатарында: 45 ортағасырлық елді мекен, 1 қарауыл төбе, 2 тастан салынған құрылыс, 1 үңгір, 6 жеке оба, 6 облар тобы, 10 обалар қорымдары бар (Тұран, 2004: 90). Барлау кезінде ашылған Шақпақата, Қызылбел, Қарағашты, Ақтөбе, Тереңсай, Балықты 4 елді мекендерінде шағын көлемде, ол жартылай бұзылған Жамбасарық елді мекенінде кең көлемде қазба және кесік қазылды. Жамбасарықтың қазіргі көлемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 52 м, батыстан шығысқа қарай 22 – 36 м, биіктігі 13 м. Төбенің үстіндегі алаңда жүргізілген көлемі 10х12 м, тереңдігі 0,3 – 1 м қазбадан шұңқырлар, 4 бөлме және төбенің үстіндегі құрылысқа шығатын баспалдақтың қалдығы ашылды. Қазбаның оңтүстік жиегінен қазылған ұзындығы 8 м, ені 1 м, тереңдігі 5 м кесек Жамбасарық өзенінің сол жағасындағы биік төбенің (8,5 м) үстіне 2,7 м пахса төселіп, оның үстіне елді мекеннің салынғанын көрсетті. Жамбасарық елді мекені YI – IX ғғ. кезінде өмір сүрген (Елеуов, 2004: 67).

2004 жылы Түлкібас ауданындағы археологиялық барлау жұмыстары Машат – Иірсу ауылдары аралығында, Ақбиік ауылдық округінің таулы бөлігінде, Машат, Дәубаба, Иірсу, Құлан өзендері алқабында жүргізіліп, бұрын есепке алынбаған 34 археологиялық ескерткіш ашылды, олардың қатарында: 9 ортағасырлық елді мекен, 11 жеке оба, 9 обалар тобы және 5 обалар қорымы бар.

Түркістан ауданындағы барлау жұмыстары шығысында Ойық ауылынан басталып, батысында Қаражон ауылына дейінгі аралықта, Қаратаудың тауалды жазығында, Бересек, Қызылата, шатқал-дарында және тауаралық Егізқара жазығында жүрді. Жүргізілген далалық жұмыстары барысында бұрыннан белгілі 2 ортағасырлық елді мекен мен 10 обалар қорымдары қайта зерттеліп, олардың орналасқан жері анықталып, жобаларына түзетулер енгізілді және бұрын есепке алынбаған 201 археологиялық ескерткіш ашылды, олардың қатарында: 10 ортағасырлық

елді мекен, 22 жеке оба, 51 обалар тобы, 116 обалар қорымы, 1 тасқа салынған құрылыс, тасқа салынған 1 сурет орны бар (Елеуов, 2005: 27-29).

2004 жылы Қарашық қаласының шаруашылық аймағында қазба жүргізіліп, рабадтан 1 км оңтүстік-шығыста орналасқан, көлемі 10,7-11х9,7 м кесене ашылды. Қабырғалары күйдірілген кесектен қалаған кесене XIII-XIV ғғ. кезіндегі құрылыс (Елеуов, 2005: 108-115).

2004 жылғы қыркүйек–желтоқсан айлары аралығында экспедиция Қызылорда облысының Шиелі және Жаңақорған аудандарында кең көлемде барлау жұмыстарын жүргізді (Елеуов, 2005: 91-93). Шиелі ауданындағы зерттеу жұмыстары ауданының шығыс шекарасынан бастап, батысында Көкжиде каналына дейін, оңтүстігінде Сырдария өзенінен бастап солтүстігінде Қаратаудың терісжейіне дейінгі аралықта жүргізіліп бұрыннан белгілі 16 ескерткіштер қайта зерттеліп, 56 ескерткіш ашылды. Қайта зерттелген ескерткіштердің қатарында: 11 ортағасырлық елді мекен, 1 кесене, тасқа салынған 3 сурет орындары, 1 обалар қорымы бар, ал жаңадан ашылған 56 ескерткіштердің қатарында: 6 ортағасырлық елді мекен, 8 кесене,12 жеке оба, 16 обалар тобы, 9 обалар қорымы, тасқа салынған 3 сурет орындары, тастан қаланған 1 құрылыс, 1 тоған бар.

Жаңақорған ауданындағы археологиялық барлау жұмыстары Сырдария өзенінің сол жағасынан Қызылқұмға дейінгі аралықта және Сырдария өзенінің оң жағасында Қаратаудың теріскей беткейіне дейінгі аралықта жүргізіліп бұрыннан белгілі 33 ортағасырлық қалалар мен елді мекендер, 11 обалар қорымы, 2 обалар тобы, 2 жеке оба қайта зерттелді және 82 археологиялық ескерткіш ашылды, олардың қатарында: 10 ортағасырлық елді мекен, 1 қарауыл төбе, 6 жеке оба, 25 обалар тобы, 39 обалар қорымы, тасқа салынған 1 сурет орны бар (Қызылорда, 2005: 180).

Экспедиция 2005 жылғы сәуір-мамыр айларында Түркістан ауданы мен Кентау қала әкімшілігіне қарасты, осы уақытқа дейін зерттеушілердің назарынан тыс қалып келген Шылбыр, Тассарай, Иқансу, Құрсай, Хантағы, Біресек, Байылдыр, Қызылата, Тайтума, Ермексу, Үйреката, Қысаша, Дәуқара, Көксарай, Ақтөбе, Жылағаната, Үшөзен, Қараүңгір өзендері мен олардан аралығында жатқан өзенаралық, тауарлық жазықтарда, шатқалдарда зерттеу жұмыстарын жүргізіп 165 археологиялық ескерткіш ашты, олардың қатарында: 6 ортағасырлық елді мекен (Елеуов, 2006: 163-170; Әлжанов, 2006: 68-73), 1 құмдан, 18 жеке оба, 39 обалар тобы, 101 обалар қорымдары бар және бұрыннан белгілі 2 ортағасырлық елді мекенді қайта зерттеді (Тұран, 2006: 170).

2005 жылы Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы зерттеу жұмыстары Қаратаудың Ақмылтық, Қоспа, Үлкен Сауысқандық, Кіші Сауысқандық өзендерінің шатқалдарында, Сарысу өзенінің төменгі ағысында (Таңбалы Нұрадан бастап Құлтанның кесенесіне дейінгі аралықта), Ақтау мен Жетімтау сілемдерінде, Дариялытақырдың солтүстік-шығыс бөлігінде жүргізіліп бұрын есепке алынбаған 26 ескерткіш ашылып, зерттелді, олардың қатарында: тасқа салынған 11 сурет орындары, 10 жеке оба, 4 обалар тобы, 1 қарауыл мұнара бар.

Жаңақорған ауданындағы барлау жұмыстары Қаратаудың күнгей беткейіндегі Бесарық (Егізқара, Қара-

бұлақ), Ақүйік (Ақүйік, Құланшы), Келте, Шалқиясай, Жиделі (Жиделі, Жыланды, Қабылсай, Шағатасай, Жосалы), Арыстанды (Бестамақ, Арыстанды), Алашапан, Дарбаза өзендерінің шатқалдарында, тауаралық жазықтарда жүргізіліп 113 ескерткіш ашылды, олардың қатарында: 3 ортағасырлық елді мекен, тасқа салынған 15 сурет орындары, 1 тоған, 16 жеке оба, 26 обалар тобы және 52 обалар қорымы бар. Сонымен қатар, 3 обалар қорымы, 1 обалар тобы, тасқа салынған 1 сурет орны қайта зерттелді (Елеуов т.б, 2005: 91-94; Қызылорда, 2005: 115).

2005 жылы қыркүйек-қараша айларында ортағасырлық Сауран қаласының солтүстік-шығыс қақпасында көлемі 30х8 м келетін қазба 1-3 м тереңдікте қазылып 4 құрылыс кезеңінің қалдықтары ашылды: 1 - құрылыс кезеңіне ұзындығы 24 м, ені 3 м дәліз тәрізді құрылыстың солтүстік және оңтүстік қабырғаларының қалдықтары, олардың үстіне салынған мұнаралар мен қамалдың және ені 2,75 м қақпаның орны; 2 - құрлыс кезеңіне ұзындығы 20 м, ені 3-3,5 м дәліз тәрізді құрылыстың солтүстік және оңтүстік қабырғаларын жиектей қаланған қабырғалар мен олардың қақпасының қалдықтары; 3- құрлыс кезеңіне ұзындығы 20 м, ені 4-4,8 м дәліз тәрізді құрлыстың шығыс бөлігіне салынған құрылыс пен қақпаның қалдығы; 4-құрлыс кезеңіне ұзындығы 23 м, ені 4,6 м дәліз тәрізді құрылыс пен оған қатысты қақпаның қалдығы жатады. Ашылған құрылыс кезеңдерінің құрылыстары XV-XVII ғғ. кезінде салынған (Елеуов, 2005: 98 б; Ортағасырлық Сауран, 2006: 55 б).

2006 жылы археологиялық барлау жұмыстары Жамбыл облысының Жуалы, Талас және Сарысу аудандарының Қаратау алып жатқан жерінде жүргізілді. Жуалы ауданындағы барлау Қаратаудың оңтүстік беткейінде батыстан шығысқа қарай Шақпақата – Бәйтерек аралығында; оңтүстік-шығыстан солтүстік батысқа қарай Бәйтерек – Қызтоған бағытында; солтүстік - батыстан оңтүстік - шығысқа қарай Қызтоған – Бурнооктябрь бағытында және осы бағыттың бір тармағы Қаратаудың үстіндегі Көсегенің Көкжоны жолымен Көлбастау көлінен Күйік асуына дейін жүріп өтті. Қаратаудың теріскей беткейіндегі зерттеу жұмыстары Қызылтаң – Жылыбұлақ – Дарбаза – Қарабастау - Ленин жолы - Майтөбе ауылдары аралығында тауалды жазығында жүргізілді. Барлау кезінде 102 археологиялық ескерткіш ашылып, 5 ортағасырлық елді мекен мен 2 обалар тобы қайта зерттелді. 2008 жылы ашылған ескерткіштердің қатарында 24 ортағасырлық елді мекен, тасқа салынған 4 сурет орындары, тоғызқұмалақ тақтасы қашалған 1 жер, 14 жеке оба, 23 обалар тобы, 36 қорымы бар.

Жамбыл ауданындағы зерттеу жұмыстары тауалды жазығында Қаратау мен Қызылтаң ауылдары аралығында жүргізіліп 3 жеке оба, 4 обалар тобы және 12 обалар қорымы ашылды.

Талас ауданындағы барлау жұмыстары Майтөбе – Қожағаппар – Тамды - Қаратау - Көктал ауылдары бағытымен тауалды жазығында, Бөген өзенін жағалап Сарысу ауданының шекарасына дейін жүргізіліп 25 археологиялық ескерткіш ашылды, олар: тасқа салынған сурет 1 орны, 1 жеке оба, 11 обалар тобы, 12 обалар қорымы. Ортағасырлық Майтөбе, Арбатас елді мекендері мен Тамды қаласы қайта зерттеліп, суретке түсірілді.

Сарысу ауданындағы барлау жұмыстары Талас ауданының шекарасынан бастап Ақтоғай – Жаңарық

ауылдары - Жаңатас қаласы – Түркістан – Үштөбе ауылдары аралығында жүргізіліп 17 археологиялық ескерткіш ашылды, олар: 2 ортағасырлық елді мекен, 2 жеке оба, 4 обалар тобы, 9 обалар қорымы (Қазақстан Республикасы, 2006: 155).

2006 жылы экспедиция Түркістан ауданы мен Кентау қалалық аймағындағы археологиялық барлау жұмыстарын және ортағасырлық Сауран қаласының солтүстік – шығыс қақпасындағы қазба жұмыстарын жалғастарды. Хантағы, Байылдыр, Қызылата, Майдантал, Үшөзен, Суындық өзендері алқаптарында, тауаралық, өзенаралақ жазықтарда жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде 28 археологиялық ескерткіш ашылып, зерттелді, олардың қатарында: 2 ортағасырлық елді мекен, 1 жеке оба, 7 обалар тобы, 12 обалар қорымы және тасқа салынған 6 сурет орындары бар (Тұран, 2007: 8). Ортағасырлық Сауран қаласының солтүстік – шығыс қақпасындағы қазбаны онан әрі жалғастыру кезінде қақпа арқылы өтетін тастан қаланған жол, қала қақпасы мен оған іргелес тұрған қамалдың сыртындағы құрылыс қалдықтары ашылды (Елеуов, Ақымбек, Қалиев, 2007: 217-219).

2007 жылы экспедиция Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек, Отырар, Арыс ауданында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Бәйдібек ауданындағы барлау жұмыстары 10 ауылдық округтерді түгел қамтыды, жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде бұрынан белгілі 10 археологиялық ескерткіштер қайта зерттеліп, олардың орналасқан жері GPS бойынша анықталып, жобалары қайта түсірілді, және 177 археологиялық ескерткіш ашылып зерттелді, олардың қатарында: 18 ортағасырлық елді мекен, 32 жеке оба, 68 обалар тобы, 58 обалар қорымы, тасқа салынған 1 сурет орны бар (Елеуов, Қалиев, 2007: 274-280).

Арыс ауданындағы барлау жұмыстары Дермене, Ақдала, Задария, Шөгірлі ауылдары жерінде жүргізіліп 36 археологиялық ескерткіш ашылып зерттелді, олардың қатарында: 8 ортағасырлық елді мекен, 11 жеке оба, 14 обалар тобы, 3 обалар қорымы бар.

Отырар ауданындағы барлау жұмыстары Шәмші Қалдаяқов ауылы мен Қостүйін темір жол бекеті жанында жүргізіліп 3 ортағасырлық елді мекен зерттелді (2007 жылы, 2007: 54-56). 2007 жылы жүргізілген зерттеулер кезінде Отырар мен Арыс аудандарының археологиялық және сәулет өнері ескерткіштерінің толықтырылған тізімі жасалып, баспадан шықты (Бердияр, 2002: 79).

2007 жылы Қаратаудың терісқей беткейіндегі барлау жұмыстары Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ және Жамбыл облысының Талас, Сарысу аудандарында жүрді (Қазақстан Республикасы, 2007). Созақ ауданындағы археологиялық барлау Бабата, Жартытөбе, Құмкент ауылдары жерінде жүргізіліп 17 археологиялық ескерткіш ашылып, зерттелді. Олардың қатарында: 2 ортағасырлық елді мекен, 4 жеке оба, 2 обалар тобы, 9 обалар қорымы бар.

Сарысу ауданының Саудакент, Қызылдиқан, Бестоғай, Ақтоғай, Шабақты, Үшбас, Буденовка, Жайылма, Маятас ауылдары мен темір жол бекеттері аралығында жүргізілген барлау кезінде 46 археологиялық ескерткіш ашылып, зерттелді, олардың қатарында: 12 жеке оба, 19 обалар тобы, 15 обалар қорымы бар.

Талас ауданының тауалды,

тауаралық жазықтарында және таулы бөлігінде жүргізілген барлау кезінде 32 археологиялық ескерткіш ашылып, олардың қатарында: 1 ортағасырлық елді мекен, 8 жеке оба, 12 обалар тобы, 10 обалар қорымы тасқа салынған 1 сурет орны анықталды.

Экспедиция 2008 жылы Созық және Түркістан ауданында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Созақ ауданындағы археологиялық барлау жұмыстары Қаратаудың теріскей беткейінде шығыстан батысқа қарай Талдыбұлақ, Көкбұлақ, Бабата, Үшбас, Үштөбе, Кеншінбай, Балатұрлан, Қандыбұлақ, Балдысу, Шіркейлі, Жосалы, Көкбұлақ, Арпаөзен, Сарымсақты, Қараүңгір, Райыс, Итмұрын, Үйеңкі, Күркіреуік, Алмалы, Тоқтыбай, Ащышексай, Марленсай, Өрісата, Қайнарбұлақ, Ақүйіс, Суындық, Қостөбе, Қызылбұлақ, Бақай, Қарабұлақ, Қарақұр, Әлжансай, Шөңке, Үңгірлі, Раң, Саржаз, Күмісті, Күрдек, Ақсүмбе өзендерінің жоғарғы ағысынан бастап, олардың тауаралық шатқалдарында, жазықтарда, тауалды жазығында, Шу өзенінің жағасы мен Шу – Жуантөбе ауылдары аралығында жүргізілді. Барлау барысында 292 археологиялық ескерткіш ашылды, олардың 199-ы (16 жеке оба, 40 обалар тобы, 132 обалар қорымы, 8 ортағасырлық елді мекен, 2 тас қоршау, тасқа салынған 1 сурет орны) Құмкент, Жартытөбе, Шолаққорған, Сызған, Созақ ауылдық округтері жерінде (Қазақстан Респубдликасы, 2008), 93-і (18 жеке оба, 19 обалар тобы, 44 обалар қорымы, 1 ортағасырлық елді мекен, 2 тас қоршау, тасқа салынған 6 сурет орны, 1 тас ғасырының тұрағы, 1 ортағасырлық арық, 1 үңгір) Қарақұр, Қаратау, Жуантөбе, Тасты ауылдық округтері жерінде орналасқан (Оңтүстік Қазақстан, 2008).

2008 жылы ашылған 292 ескерткіштің қатарында: 9 ортағасырлық елді мекен, 34 жеке оба, 59 обалар тобы, 176 обалар қорымы, 4 тас қоршау, тасқа салынған 7 сурет орны, 1 тас ғасырының тұрағы, 1 ортағасырлық арық, 1 үңгір бар.

2008 жылы Созақ ауданында орналасқан, бұрын есепке алынған 18 ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің орналасқан жері анықталып, олардың жобалары лазерлі теодалитпен түсірілді.

Түркістан ауданындағы барлау жұмыстары Шылбырсу, Раңсай өзендері алқабында, Тесіктас шатқалында, тауалды, тауаралық жазықта және Иқан – Раңсай – Шылбырсу – Жартытөбе тауаралық жолының екі жағында жүргізіліп 4 жеке оба, 1 обалар қорымы ашылды.

